

**«Ыстық қайрат – Локальные герои»
кездесулер сериясын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Алматы қаласы Қоғамдық даму орталығының «Толық адам» жобасы аясында өткізілетін **«Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» байқауы** шеңберіндегі «Local қаһармандар»-мен (жергілікті қаһармандармен) **«Ыстық қайрат – Локальные герои»** кездесулер сериясын ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Кездесулер өз еңбегімен, бастамашылдығымен, азаматтық жауапкершілігімен және жеке үлгісімен қоғамның дамуына және әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге үлес қосып жүрген Алматы қаласы тұрғындарын анықтау, қолдау және қоғам тарапынан мойындау мақсатында өткізіледі.

1.3. Байқауды ұйымдастырушы – «Ақпараттық-ресурстық орталық» қоғамдық қоры, Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасы Қоғамдық даму орталығының тапсырысымен

2. Кездесулердің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты

Жергілікті қаһармандарды қоғам тарапынан мойындау арқылы жасампаз еңбек, азаматтық жауапкершілік, өзара көмек және белсенді өмірлік ұстаным құндылықтарын насихаттау.

Міндеттері

- жергілікті қоғамдастықтың дамуына елеулі үлес қосқан тұрғындарды анықтау;
- азаматтық белсенділіктің оң үлгілерін насихаттау;
- еңбек адамдарына деген қоғамдық құрметті арттыру;
- қоғамдық мойындау мәдениетін дамыту;
- жастар арасында мінез-құлықтың оң үлгілерін қалыптастыру.

3. Кездесулерге қатысушылар

Кездесулерге Алматы қаласының жасы мен кәсібіне қарамастан барлық тұрғындары қатыса алады.

Кездесулерге мынадай талаптарға сәйкес келетін кандидаттар ұсынылуы мүмкін:

- адамдарға және жергілікті қоғамдастыққа көмек көрсететін;

- қоғамдық маңызы бар жобаларды жүзеге асыратын;
- кәсіби батылдығы мен жауапкершілігін танытатын;
- волонтерлік қызметке қатысатын;
- тұрғындардың мүдделерін қорғайтын;
- ауданның немесе қаланың дамуына үлес қосатын;
- мәдени және адамгершілік құндылықтарды сақтайтын;
- адал еңбегімен және белсенді азаматтық ұстанымымен үлгі болатын тұлғалар.

Өзін-өзі ұсынуға жол беріледі.

Сондай-ақ кандидаттар мына ұйымдар мен тұлғалар тарапынан ұсынылуы мүмкін:

- мемлекеттік мекемелер;
- қоғамдық бірлестіктер;
- үкіметтік емес ұйымдар;
- бастамашыл топтар;
- ұйымдар;
- қала тұрғындары.

4. Байқау бағытын өткізу тәртібі

Байқаудың осы бағыты үш кезеңде өткізіледі.

I кезең

Өтінімдер **2026 жылғы 18 қыркүйекке дейін** info@civilcenteralmaty.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады («**Ыстық қайрат – Локальные герои**» белгісі көрсетілуі тиіс).

Қатысушылар мынадай материалдарды ұсынады:

- өтінім;
- қысқаша өмірбаян;
- қоғамдық қызметінің сипаттамасы;
- фотосуреттер;
- жарияланымдар немесе сілтемелер;
- алғыс хаттар (бар болса);
- бейнеролик (қалауы бойынша).

II кезең

Сараптамалық іріктеу.

Қазылар алқасы ұсынылған материалдарды қарастырып, финалға қатысушыларды анықтайды.

III кезең

Финал – 2026 жылғы қараша айының бірінші онкүндігі.

Финалистер қорытынды іс-шараға қатысып, өздерінің жетістік тарихын таныстырады.

Көпшілік алдында өткізілетін таныстырылым қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталады.

5. Бағалау критерийлері

Әрбір критерий он балдық жүйе бойынша бағаланады.

Критерийлер:

- қызметінің қоғамдық маңыздылығы;
- әлеуметтік мәселелерді шешуге қосқан жеке үлесі;
- бастаманың тұрақтылығы және ұзақ мерзімділігі;
- қол жеткізілген нәтижелердің тиімділігі;
- көшбасшылық қасиеттері;
- тұрғындарды тарту деңгейі;
- тәжірибені кең ауқымда қолдану мүмкіндігі;
- **«Ыстық қайрат – Локальные герои»** бағытының құндылықтарына сәйкестігі;
- қоғамға үлгі боларлық және шабыттандыратын тәжірибесі;
- таныстырылым сапасы.

Ең жоғары баға – **100 балл**.

6. Қазылар алқасы

Қазылар алқасының құрамына:

- мемлекеттік органдардың өкілдері;
- қоғам қайраткерлері;
- ҰЕҰ өкілдері;
- ғылыми қоғамдастық өкілдері;
- бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері;
- азаматтық қоғам саласындағы сарапшылар кіреді.

Қазылар алқасының шешімі көпшілік дауыспен қабылданады.

7. Қорытынды шығару

Кездесулердің қорытындысы бойынша:

- I орын иегері;
- II орын иегері;
- III орын иегері анықталады.

Қазылар алқасы ақшалай сыйақы қарастырылмайтын арнайы номинациялар белгілеуге құқылы.

Нәтижелер туралы ақпаратты <https://www.instagram.com/tolyqadam.almaty/> парақшасынан алуға болады.

8. Жүлде қоры

Байқау жеңімпаздары дипломдармен, естелік мүсіншелермен және ақшалай сертификаттармен марапатталады.

I орын – 700 000 (жеті жүз мың) теңге

II орын – 500 000 (бес жүз мың) теңге

III орын – 300 000 (үш жүз мың) теңге

Жалпы сомасы 150 000 (жүз елу мың) теңге болатын ынталандыру сыйлығы.

9. Финалдық іс-шара

Финал қоғамдық мойындау рәсімі форматында өткізіледі.

Бағдарлама мыналарды қамтиды:

- финалистердің жетістік тарихтарын таныстыру;
- шақырылған қонақтардың сөз сөйлеуі;
- марапаттау рәсімі;
- фото және бейнетүсірілім;
- жеңімпаздармен сұхбат.

10. Ұйымдастырушы сүйемелдеу

Ұйымдастырушы:

- іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеуді;
- өтінімдерді қабылдау және өңдеуді;
- қазылар алқасының жұмысын ұйымдастыруды;
- мектептерде, кітапханаларда, мәдениет орталықтарында және қоғамдық кеңістіктерде «Local қаһармандар»-мен (жергілікті қаһармандармен) **кемінде 25 кездесу** өткізуді;
- іс-шаралардың фото және бейнетүсірілімін;
- таныстырылым материалдарын дайындауды;
- іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жариялауды.

11. Қорытынды ережелер

11.1. Байқауға қатысуға өтінім бере отырып, қатысушы ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын растайды және дербес деректерді өңдеуге, сондай-ақ фото және бейнематериалдарды жобаның ақпараттық мақсаттары үшін пайдалануға келісім береді.

11.2. Ұйымдастырушы қатысушыларға міндетті түрде хабарлаған жағдайда, іс-шараларды өткізу мерзімдеріне, қазылар алқасының құрамына және ұйымдастырушылық рәсімдерге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

11.3. Осы Ереже ұйымдастырушы бекіткен күннен бастап күшіне енеді және байқау толық аяқталғанға дейін қолданылады.